

«Қарауылкелді» бөбөкжай-балабақшасы бойынша
әдістемелік кеңес Хаттамасы №1

Күні:01 09 2022ж

Қатысқаны: 13 педагог

Балабақша әдіскері Г. Абишева: Құрметті Әріптестер!

Жаңа оқу жылдарыңыз құтты болсын ! Еңбекте табысты болып , шәкірттеріңіз өз тәрбиелері мен білімдері арқылы сізді қуанта берсін.Бүгін алғашқы әдістемелік кеңес. Барлықтарыңыз білесіздер 03тамыз 2022ж №348 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың , бастауыш , негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы әділет министрлігінде 2022ж 5тамыз №29031 болып тіркелді. Міне биылғы оқу жылында жаңадан стандарт шығып отыр. Бұрын пайдаланып жүрген бес сала алынып тасталып,дағды болып өзгерді.

1. Физикалық қасиесттерді дамыту (дене шынықтыру)
2. Коммуниктивтік дағды
3. Танымдық және зияткерлік дағды
4. Әлеуметтік-эмоционалды дағды
5. Шығармашылық дағды

Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,қазақ тілі, сенсорика,математика негіздері, құрастыру , қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекет ойын түрінде күн сайын өткізіледі. Сонымен бірге өтпелі тақырыптар алынып тасталды және оқу сағаттарыда алынып тасталды. Қазақ тілі музыка , дене шынықтыру сабақ кестесі құрылады. Осы дағдылардың міндеттерін ғана жазып жұмыс жасалады. Әзірше бұрынғы оқу үлгілік бағдарламасымен жұмыс жасаймыз. Жаңа оқу үлгілік бағдарламасы бекітілгенен кейін жаңа бағдарламамен жұмыс жасаймыз.

Ол кезде де толық танысып түсіндіріледі. Биылғы 2022-2023 оқу жылына әдістемелік нұсқау хат шықты.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктерін, қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту.

Бұл әдістемелік хатта негізгі міндеттер белгіленген және бағыттар қамтылған. Әр баланың жеке қабілеттері, қажеттіліктерін ескеріп, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын;

Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту;

Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағды қалыптастыру.

Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне патриотизмге баулу;

Баланың мектепке оқуға дайындығын қалыптастыру мен бірге тәрбиелеу-білім беру процессін ұйымдастыруда жаңа айтып өткендей ойын арқылы оқыту.

-түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Кітап бұрышын ұйымдастыру керек.

Заттық –кеңістік дамытушы орта құру, жабдықтау керек. Оның да өз талаптары бар.

- Қауіпсіз
- Қол жетімді
- Әртүрлі
- Мазмұнды
- Тартымды
- Өзгермелі

Биылғы 2022-2023 оқу жылына Ұ.І.Ә перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасы үлгісі берілген танысып қарап, көріп отырмыз алдарыңызда тұр.

Заттық –кеңістік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

Ерте, кіші топ: танымдық ойындар қарапайым пазлдар, қозғалмалы ойыншық, қимылды ойындарға қажетті құралдар, қауіпсіз ойыншықтар.

Ортаңғы топ:

Дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жиынтықтар, сурет салуға арнайы құрал, қол еңбегіне арналған құралдар, ойыншық, театрландырылған ойынға арналған жинақ, қуыршақ, түрлі машина, танымдық қызығушылық, жетілдіруге арналған табиғи материалдар.

Ересек топ:

Дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастыратын ойыншықтар, үстел-үсті ойындар, суреттер, карточкалар пайдалануға болады. Сондай-ақ ұйымдастырылған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел-үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б балалар үшін жайлы жағдайларда күннің 1 және 2 жартысында өткізуге болады. Өткізу кезінде тәбиеленушілердің қызығушылықтары қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі. Балалардың мониторингі бұрынғыша толтыра бересіздер. Жаңадан шыққан кезде толтырып талдайтын боламыз. Әр баланың жеке даму картасын толтырасыздар.

Сұрақтарыңыз болса қоюларыңызға болады.

А. Жанелова тәрбиеші: Өзімде биылғы шыққан стандарт әдістемелік нұсқау хатпен танысып шықтым. Өзгерістер бар екен 5 сала, өтпелі тақырыптар алынып тасталған екен, бәрі ойын түрінде өткізіледі түсінікті етіп жазылған.

М. Калиева: 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты қарап шықтым. Ойын түрінде және таңертеннен қабылданғаннан кешке кеткенге дейін жүргізуге болады екен. Кіріктірілеп өткізуге болады.

Әдістемелік кеңес шешім етеді.

1. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт және 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынып пайдаланылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Абшиш Г.Абишева

Хатшы:

А.Жанелова А. Жанелова

«Қарауылкелді» бөбөкжай-балабақшасы бойынша әдістемелік кеңес
Хаттамасы №2

Күні: 14. 10. 2022ж

Қатысқаны: 12 педагог

Күн тәртібінде:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасын талдау , талқылау, түсіндіру тыңдалады : Балабақша әдіскері: **Г. Абишева**

Әріптестер, алдында айтып кеткенімдей биылғы оқу жылында Қазақстан республикасы оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазанда №422 бұйрығына қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың» үлгілік оқу бағдарламасы бекітіліп шықты.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерің ескеріп,

Ерте жас тобы- 1жас

Кіші топ – 2жас

Ортаңғы топ-3жас

Ересек топ- 4 жас

Биыл 2022-2023 оқу жылында 5 сала және өтпелі тақырыптар алынып тасталды оны білесіздер.

Перспективалық жоспарда тек міндеттер ғана жазылады.

Дағдылар: 1. физикалық қасиеттерді дамыту

2 . Коммуникативтік дағдыларды дамыту
(сөйлеу дамыту,көркем әдебиет)

3. Танымдық және зияткерлік дағдылар
(сенсорика, математика негіздері)

4. Шығармашылық дағды, зерттеу іс-әрекет дағды (сурет, мүсіндеу, жапсыру,құрастыру,музыка)

5. Әлеуметтік –эмоциональды дағды (қоршаған ортаман таныстыру)

Әр топтағы балалардың жас ерекшеліктеріне арналып жасалған .

Барлық сабақ күн сайын жүргізіліп отырады.

Бағдарламаның мақсаты:

Әр баланың қызығушылығын , ерекшелігімен қажеттілігін ескере отырып, адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайын жасау , дамытушы орта құру. Балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке баулу.

Қазан айынан бастап, осы үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасап, перспективалық жоспар жасаймыз.

Сөйлеушілер:

Серікбаева .А тәрбиеші: Бағдарлама түсінікті .Балалармен сабақ ойын түрінде өткізіледі екен. Жеңілдеу болған бұрынғыға қарағанда түсінікті, анық жазылған.

Турегалиева Л:Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жасалған екен. Балаларға ойын ойната отырып, сабақ өткізу жеңіл. Бұрынғы 5 сала алынып тасталған. Өтпелі тақырыптар болмайды екен.

Калиева М. Бағдарламаны оқып, танысып түсіндім. Тек міндеттер алынып дағдылармен жұмыс жасалады. Балалардың жас ерекшелігімен дағдыларын қалыптастырып, дамытушы орта құрып, білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету керектігі айтылған екен. Ұ.І.Ә күні бойы өткізіледі.

Олай болса мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процессін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен жұмыс жасаймыз.

Әдістемелік кеңес шешім етеді:


- 1.2022ж 14қазан №422 бұйрық қосымша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы басшылыққа алынып, қазан айынан перспективалық жоспар осы бағдарламадағы міндеттерге сай жазылсын.
- 2.Әр тәрбиеші жас ерекшеліктеріне сай ойын түрінде циклограммаларын толтырылсын.
- 3.Дамытушы орта құрылсын.

Әдістемедік кеңес төрайымы:



Г.Абишева

Хатшы:



А.Жанелова

«Қарауылкелді» бөбөкжай-балабақшасыбойынша әдістемелік кеңестің

Хаттамасы №3

Күні: 07.11.2022ж

Қатысқаны: 9 педагог

Күн тәртібінде:

1.Республикалық «Үздік педагог» байқауы аясында ұйымдастырылған «Жыл тәрбиешісі-22» байқауы балабақша ішілік өткізу.

Тыңдалды Әдіскер Г.Абишева: Құрметті Әріптестер!
Білім бөлімінен келген қатынасқа байланысты Республикалық «Үздік педагог» аясында ұйымдастырылған «Жыл тәрбиешісі-22» байқауын балабақша ішінде өткізгелі отырмыз.

Байқау шарттары:

1. «Менің портфолиом»- педагогикалық бейнем
2. «Балабақша -бақыт баспалдағы» тақырыбында эссе
3. «Шеберлік сағаты» -Ұ.І.Ә (ойын түрінде)

Міне осындай 3 кезеңнен тұрады.

Әділ-қазылар алқасын сайлап алайық.

1. Әдіскер Г.Абишева
2. Педагог-сарапшы М.Калиева
3. Педагог –модератор А.Кеңесбаева

Сәттілік тілеймін ! Байқауға кіші топ тәрбиешісі Л.Түреғалиева, ортаңғы топ тәрбиешілері Л.Нұртаза, А.Сағындықова; Ересек топ тәрбиешілері А.Жанелова, А.Серікбаева қатысқалы отыр.

Меңгеруші З.Жұмабаева: Әріптестер, бүгін балабақшамызда «Жыл тәрбиешісі-22» байқауын өткізгелі тұрмыз. Сіздерге сәттілік , осы байқауда суырылып алға озып, аудандық байқауға қатысасыздар. Баламен жұмыс жасауда педагогикалық және әдістемелік шеберліктерін, жаңашыл заманда әдістерін қолдануда, 4к модельмен жұмыс жасау дағдыларын жоғарғы деңгейде көрсете білдіңіздер. Әр біреуіңіздің өткізіп отырған ұйымдастырылған іс-әрекеттеріңіз ерекше. Көрнекіліктеріңіз талғаммен, қауіпсіз түрде жасалған.

Балалар қызығушылықпен ойнады. Лаураның эссесі өте жақсы жазылған, мазмұнды, өз жүрегінен шыққан өлең жолдарымен аяқтаған.

Ләззаттың Ұ.І.Ә құрылымы ерекше, көрнекіліктері ұнады, ойындары да қызықты.

Амангүлдің сабағы да жақсы, балалар қызығушылықпен қатысты.

Айгүлдің сабағы ерекше. Қадамнан-қадамға аттай отырып тақпақ жаттатты. Барлық сабақ қамтылды.

Байқау болған жерде, біреу оза шабу керек дегендей әділ-қазылар мүшелерімен ақылдаса келе нәтижесін шығарғалы отырмыз.

Барлықтарыңызда Жыл тәрбиешісіздер, сіздерге шығармашылық табыс тілейміз! Осындай ерекше ойындар көрсетіп, байқауға қатысқандарыңыз үшін көп-көп рахмет.

Бір ауыздан мақұлдап, келісіп

Әдістемелік кеңес шешім етеді:

«Жыл тәрбиешісі-22» номинациясы	А.Серікбаева
«Үздік ұйымдастырылған іс-әрекет»	Л.Нұртаза
«Үздік эссе» номинациясы	Л.Турегалиева
«Шығармашыл» тәрбиеші	А.Жанелова
«Ізденімпаз» тәрбиеші	А.Сағындықова

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Г.Абишева

Хатшы:  А.Жанелова

Қарауылелді «бөбекжай» балабақшасы бойынша әдістемелік кеңес
Хаттамасы №4

Қатысқаны-12

07.12.2022 ж

Күн тәртібінде:

1. «Ойын мәңгілікке ұштасатын құнды құбылыс» атты балалабақша ішкілік семинар өткізу.

Әдіскер Г.Абишева: Құрметті әріптестер. Бүгін «ойын мәңгілікке ұштасатын құнды құбылыс» атты семинар өткіздік.

1. Ойын туралы өзім баяндама түсіндіріп, ойын түрлерін аттап өттім.

«Мектепке дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетіндегі ойынның технологиялық маңызы» А.Жанелова.

Ойын арқылы балаланың ой-өрісін дамыту. Л.Турегалиева

«Ойын арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту» А.Сағындықова.
баяндамаларында ойын туралы тереңірек біліп, біраз мағлұмат алдық.

II. бөлімде практикалық жұмыста әр тәрбиеші дайындап әкелген ойындарын өздеріңізбен ойнатылып, балалық шаққа бір барып келдік.

Ойын түрлері, көрнекіліктер өте жақсы жасалған. Жаңа ойын түрлеріде дайындалған екен.

Пікірлер:

3. Жумабаева: Жаңа Мемлекеттік стандарт «Ойын арқылы оқыту» қағидасына негізделген балаларды дамытудың негізгі әдістемесіне оралуға мүмкіндік берді. Күні бойы балалар үшін ойын және оқу жаттығулары ұйымдастыруға мүмкіндік береді деп оқу-ағарту министрі Асхат Аймағанбетов айтқандай биыл сабақтар ойын түрінде болып жатыр неше түрлі ойын көрнекіліктерін дайындап ойын түрлерін көрсетіп жатырсыздар. Керемет балаларда қызығушылықпен ойнайды деп есептеймін. Бүгінгі семинарға өте жақсы ұйымшылдықпен дайындалғансыңдар.

Қарасаева. М. психолог: Семинарда ерекше әсер алдым. Өте күшті болды. Көрнекіліктер жандандыра түсті, әдемі.

Нұртаза. Л. тәрбиеші: Семинар керемет ұйымдастырылған. Тәрбиешілердің бойынан 4К моделін көрдім. Еңбектеріңізге творчестволық табыс тілеймін. Әр түрлі ойындар, бір-бірінен бөлек, ерекше. Әдіскер өзінің шебер маман екенін көрсетті. ойын картотекаларын да керемет жинақталған.

Тынымжан. М. тәрбиеші: өте керемет әсерлі семинар болды. Жаңашыл ойындар болды, жоғары дәрежеде өтті. Көрнекіліктер керемет. Әріптестерге үлкен рахмет. Өзім ойын түрлеріне қызыға қарап отырдым, әрі қызыға

ойнадым. Алдағы уақытта тағыда осындай семинарлар көптеп ұйымдастырылса.

Серікбаева. Н. тәрбиеші: Бүгінгі семинар өте жақсы өтті. Ерекше ойындармен таныстық ойындар ойнау арқылы балалық шаққа саяхат жасағандай болдым.

Сағындықова. А. тәрбиеші: Бүгінгі семинар өте жақсы өтті, жоғары деңгейде болды. Бір-бірімізбен тәжірибе алмастық.

Жанелова. А. тәрбиеші: Балалабақша ішінде ұйымдастырылған семинарда көптеген ойындар көрсетілді. Ерекше бәрі бір-біріне ұқсамайтын ойындар болды. Өзіме ойын түрлері ұнады.

Турегалиева. Л. бүгінгі семинар өте ерекше өтті. Түрлі ойындар, бір-бірін қайталамаған ойындар болды. Өте жақсы деңгейде өтті деп ойлаймын.

Абишева. Г. әдіскер: Семинарды қорытындылай келе, тәрбиешілердің де өте жақсы дайындалғаны көрініп тұр. Ойын көрнекіліктері әдемі, ұқыпты балалардың жас ерекшеліктеріне сай жасалған. Әр бала бұл атрибуттармен қызығушылықпен ойнайды деп айта аламын. Мына дайындалған ойын картотекаларын күнделікті Ұ.І.Ә. пайдаланыңыздар бүгінгі семинарға белесене қатысқан тәрбиешілерімізді Алғыс хатпен марапаттап жіберейік. Семинарға өз пікірлерін білдіріп, бәрі бір ауыздан.

Шешім етеді:

1. «Ойын мәңгілікке ұштасатын құнды құбылыс» атты семинар «жақсы» деп бағалансын.
2. «Дағды бойынша жасалған» ойын картотекалары Ұ.І.Ә. пайдаланылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Абишева
А, хат

Абишева. Г. Н.

Жанелова. А. К.

Қарауылелді «бөбекжай» балабақшасы бойынша әдістемелік кеңес

Хаттамасы №5

13.01.2023 ж

Қатысқаны-10

Күн тәртібінде:

«Балалардың ойлауын дамытудағы логикалық математикалық ойындардың маңызы»(педагогтерге арналған кеңес)Ересек топ тәрбиешісі Тынымжан.М. Логикалық ойлау-логикалық сөйлеудің негізі.Ойын арқылы балалардың негізгі іс-әрекеті және айналадағы өмірден алған білімдері логикалық ойын қиялдау арқылы шындалады дамиды.Логиканың дамуы өздігінен ізденіс жұмыс жасауға мүмкіндік береді.Балалардың ойлауда дамытуда логикалық ойындар туралы мағлұмат береді.Ойын түрлерімен таныстырылып,ойындар практика жүзінде көрсетіледі.

Сөйлеушілер:

Балабақша әдіскері Абишева.Г.Құрметті әріптестер!Бүгін «Балалардың ойлауын дамытудағы логикалық,математикалық ойындардың маңызы»атты педагогтерге арналған кеңес,іс-тәжірибеге жиналып отырымыз,Мөлдір өзі ізденімпаз,шығармашыл педагог. «Өте жақсы»ізденіп дайындалған

1. «Сәйкестендір» ойыны
2. «Пішін жасай,білісеің бе?»
3. «Жасырылған пішіндерді тап»
4. «Пішіндер бұрыштарын шығару»
5. «Өз түсіне сәйкестендір»

Барлық ойындары өзгеше болды,әрі қызықты.Кәзір Ұ.І.Ә ойын түрінде өткізіледі.Саған ұнады.Керемет дайындалғаның көрініп тұр.

Нұртаза.Л:Мөлдірдің жақсы дайындалғаны көрініп тұр.Ойындарды ойнап,балалық шаққа барып қайттық.Үйренерім көп,өзіме кереті жерлерін алдым.

Серікбаева:Н:Қызықты болды.Өз тобымның балаларына ойнататын ойын түрлері бар екен.Мөлдір көп рахмет.

Карасаева.М:Мағанда ұнады ойындар қызықты болды.Шығармашылық табыс тілеймін.

Жанелова.А:Логикалық ойындар өте қызық болды.Өз тобымыздың балаларына саббаққа пайдаланып,оларменде өткіземіз.Өте жақсы ұнады.

Бір ауыздан келісіп, шешім етеді:

«Балалардың ойлауын дамытудағы логикалық-математикалық ойындар» топті тәрбиеленушілермен Ұ.І.Ә. түрлері пайдаланылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Г.Н. Абишева Абишева.Г.Н.

Хатшы:

А.К. Жанелова Жанелова.А.К.

Қарауылелді «бөбекжай» балабақшасы бойынша әдістемелік кеңес
Хаттамасы №6

18.01.2023 ж

Қатысқан-12

Күн тәртібінде:

Музыка жетекшісінің ұйымдастырылған іс-әрекетін талдау.

Тақырыбы: «Әніміз бар тамаша»

Мақсаты: Балалардың ән туралы түсініктерін қалыптастыру, әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын ажырата алу, бірге ән салу. Музыкалық есту, есте сақтау қабілеттеін дамыту.

Әдіс-тәсілдері: ноталарды қайтлау, дауысқа жаттығу, музыкалық ойын.

Жубашева. Э: Сабағым музыкалық сәлемдесумен басталды, дауысқа жаттығу жасадық, музыкалық баспалдақ арқылы жаттығу жасалды. «Әжемнің шәйі» әнін қайталадым. Әнді домбыра аспабына қосылып орындады. Музыкалық ырғақты қимылдар «Көңілді балақайлар» музыкаға ілесіп, қимыл-қозғалыс жасады.

Жаңа ән «Ақ маман» сөзін жаттап, музыкасымен бірге орындадық. «Оркестр» Музыкалық дидактикалық ойынды аспаптармен орындады. Сабақ соңында балларды мадақтадым. Сабаққа өте жақсы қатысты.

Тыңдалды:

Қаңтар айында музыкадан ашық ұйымдастырылған іс-әрекет, логапеттің, психологтың ойын сабақтары өткізіледі. Музыка сабағының құрылымы жақсы құрылған, балалар дауысқа жаттығу жасап, өткен әнді қайталап, жаңа ән жаттап қызығушылықпен ойынға қатысты. Сабақты «Өте жақсы» деп бағалаймын. Үш сабақта «өте жақсы» өтті.

Нұртаза. Л. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойын-сабақтары жақсы құрылған, құрылымы ұнады. Балалар қызығушылықпен қатысып отырды.

Серікбаева. Н. Эльвиранның музыка сабағы өт жақсы өтті. Балалар дауысқа жаттығу жасады. Әннің сөзін жаттап жақсы орындады.

Ақмаралдың сабағы қызықты өтті. Жаттығуларын, ойындарын балалар қызығып орындады. Сабақта тілге, мұрынға жаттығулар жасады.

Психолог Мирамгүлдің ойын сабағы жақсы өтті.

Жанелова. А. Музыка сабағы өте қызықты өтті. Балалар музыкалық аспаппен орестр құрып, орындады. Әннің сөзін жаттады.

Ақмаралдың сабағында балалар жаттығуларды, тапсырмаларды қызығып орындады, сабақ қызықты өтті.

Мирамгүлдің ойын-сабағы жақсы өтті. Психологиялық ойындар мен тренингпен қызығып өткізіледі.

Әдістемелік кеңес Шешім етеді:

Қаңтар айында өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер

Музыка жетекшісі Жубашева. Э.

Логопед Кеңесбаева. А.

Психолог Карасаева. М.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттері «Өте жақсы» деп бағалансын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: *Г.Н. Абишева* Абишева. Г. Н.

Хатшы: *А.К. Жанелова* Жанелова. А. К.

**«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы»
бойынша әдістемелік кеңестің
Хаттамасы №7**

28 сәуір 2023 жыл

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

I. «Ойлайық та, ойнайық» (балабақша ішілік семинар)

Мақсаты: балалармен жұмыстың мазмұны ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін талдауда тәрбиешінің шығармашылық белсенділігін арттыру кәсіби деңгейін жетілдіру.

Міндеттері: топтасып ойнау дағдыларан қалыптастыру. Ойын барысында сергектігі мен қызығушылығын жетілдіру. Ойын процесінде достарына тілектестік қарым-қатынасын, олармен санаса білуді, бір-біріне көмекке келуді, ойын ресурстарын қолдануда келісім жасау.

Күтілетін нәтиже: ойын арқылы дамытатын орта құрылды. Ойын арқылы баланың шығармашылық ойлау қабілеті бағаланды. Ойынды балалардың өз халқының салт-дәстүрлерін бойына сіңіру.

1. «Балабақшада ойын технологиясы арқылы балалардың шығармашылығын дамыту». Кенесбаева А. Ересек топ
2. «Балабақшаларда ұлттық ойындарды пайдалану». Нұртаза Л, Калиева М. Ортаңғы топ
3. «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту». Серікбаева А. Кіші топ
4. Тренинг
5. «Көбелектер әлемі» жаттығуы
6. Рефлексия

Тыңдалды:

Абишева Г.Н.: Құрметті әріптестер! Бүгінгі «Ойлайық та, ойнайық» атты балабақша ішілік семинарымызға қош келдіңіздер! Семинарымыз 6 бөлімнен тұрады. Бағдарламалар қолдарыңызда. Әр топ ойын түрлерін қалай өткізіп, балалар ойналатын ойын түрлерімен танысып, әр сабақта өзімізге пайдалануға тың идея, мәліметтер аламыз деген ойдамын. Ал, әріптестер сәттілік!

1) Кенесбаева А. «Балабақшада ойын технологиясы арқылы балалардың шығармашылығын дамыту» тақырыбында баяндама дайындап, ойын түрлерімді көрнекіліктермен көрсетіп, өз жұмысымен бөлісуге келдім.

2) «Балабақшаларда ұлттық ойындарды пайдалану» Нұртаза Л, Калиева М. Барлықтарыңыз білесіздер, биыл ұлттық құндылықтарға көп мән беріліп, жаңа ұлттық ойын түрлері көп. Бізде көптеген ұлттық ойын түрлерін ала келдік. Семинар барысында көрсетеміз.

3) «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Серікбаева А. Менің тобым кіші топ. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойын түрлерін ала келдім. Сіздерді ойынға шақырамын.

Сөйлеушілер:

Серікбаева А.: Бүгінгі семинар өте тамаша өтті. Керемет әсер алдым. Осындай тәжірибе алмасу көп бола берсе.

Карасаева М(психолог): Бүгінгі семинар өте жоғары деңгейде өтті. Алған әсерім өте күшті болды. Алдағы уақытта осындай семинарлар өте берсін. Көптеген ойындар ұнады.

Кеңесбаева А: Семинар ұнады. Апайларға шығармашылық табыс тілеймін.

Жанелова А: Бүгінгі семинар өте жақсы дәрежеде өтті. Тәрбиешілердің ұйымдастырған ойындары, ұлттық бұрышта өткізілген ойындары керемет болды.

Турегалиева Л: Семинар өте жақсы деңгейде өтті. Ұлттық ойындар және баланың ой-қиялына бағытталып жасалынған ойындар көрнекіліктерімен және ойналу шарттарымен өте қызықты болды.

Нұртаза Л: Семинар өз мәнінде өтті. Әріптестер өз шеберліктерін көрсетті. Тренингтер, релаксация жаттығулары әсерлі болды.

Абишева Г: Әріптестер, семинарымызды қорытындылай келе, бүгінгі семинарға өз тәжірибелерімен бөліскен тәрбиешілерге рахмет айтамын. Көрнекіліктеріңіз жақсы талғаммен, балалардың жастарына сай, қауіпсіз түрде және ашық көңілді түстерді пайдаланып, дайындалған. Барлықтарыңызға рахмет. Бала тәрбиесінде талмай жұмыс жасай беріңіздер. Шығармашылық табыстар тілеймін. Енді балабақша әкімшілігі атынан Алғыс хатпен марапаттауға кезек берелік.

Шешім қабылданды:

- 1.«Ойлайық та, ойнайық» атты семинарда дайындалып, көрсетілген ойын түрлері күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде пайдаланылсын.
2. «Ойлайық та, ойнайық» балабақша ішілік семинар «Өте жақсы» деп бағалансын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: *Абишева Г.Н.* Абишева Г.Н

Хатшы: *Жанелова А.К.* Жанелова А.К

**«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы
бойынша әдістемелік кеңестің
Хаттамасы № 8**

30 мамыр 2023 жыл

Қатысқаны-12

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

Мамыр айында өткізілген жұмыстар.

1. «Бірлік бақыттың бастауы» 01.05.2023ж А.Муратова
2. Жеңіс күніне арналған «Желбіре жеңістің жалауы» Ортаңғы топ тәрбиешілері
3. «Менің әкем жақсы адам» челленджі
4. «Бейбіт күн жасасын әлемде» ертеңгілік. А.Жанелова
5. «Әкем, шешем және мен» отбасы күніне Л.Турегалиева
6. «Мен және менің отбасым» көрме .А.Жанелова
7. «Отанымыздың алтын дінгегі-отбасы» мерекелік құттықтау. Л.Нұртаза, М.Калиева
8. «Кітап біздің досымыз» (кітапханамен бірлесе акция)
9. «Әр бала -бір жұлдыз» ертеңгілік. А.Жанелова, А.Муратова

Жанелова А, Муратова А: Мамыр айында «Бірлік бақыттың бастауы», «Бейбіт күн жасасын әлемде», «Мен және менің отбасым» отбасы күніне көрме ұйымдастырылды. «Әр бала-бір жұлдыз» балабақшамен қоштасу ертеңгілігін өткіздік. 2022-2023 оқу жылында жоспарланған жұмыстар барлығы өткізілген суреттермен жинақталды. Оқу жылын жақсы аяқтап, енді алдағы оқу жылында кіші топты қабылдаймыз. Жазғы-сауықтыру шараларының жоспарын дайындап қойдық.

Турегалиева Л, Серікбаева А: «Желбіре жеңістің жалауы», атты ертеңгілік, отбасы күніне «Әкем, шешем және мен» спорттық сайыс ата-аналармен өткіздік. «Кітап біздің досымыз» атты кітапханамен бірге акцияға қатыстық. Жазғы-сауықтыру шаралар жоспары дайын.

Нұртаза Л, Калиева М: «Менің әкем жақсы адам», «Отанымыздың алтын дінгегі отбасы», «Кітап біздің досымыз» акциясына қатыстық.

Шешім қабылданды:

Мамыр айларында өткізілген ертеңгіліктер «Жақсы» деп бағалансын. Отбасы күніне арналған көрме, челленждер, креативті, жаңашылдықпен алдағы уақытта жалғастырылып, өз мәнінде өткізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы: *А.Абишева* Абишева Г.Н
Хатшы: *А.Жанелова* Жанелова А.К